| Сөйлеуді дамыту | <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Тұбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесуіні мұқият тыңдалап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b></p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p> |
| Көркем әдебиет  | Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және   |

|                       |   |
|-----------------------|---|
|                       | олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.  |
| Саят ашу негіздері.   | Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Геометриялық фигурандардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу.   |
| Қазақ тілі            | 10 көлеміндегі сандарды тұра және кері санауға жаттықтыру.<br><br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағыларын қалыптастыру.   |
| Математика негіздері. | Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br><br>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. |
| Құрастыру.            | Табиғи (агаш, мақта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.   |
| Сурет салу.           | Жаңа түстер (құлғін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).   |
| Мұсіндеу              | Мұсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мұсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мұсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мұсіндерді, халық шеберлерінің бүйімдарын қолдану.  |
| Жапсыру.              | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (көреге, уық, шаңырақ, сыйқырауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.  |
| Музыка                | Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «қүй» жанрымен, қүйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәuletкерей Шығайұлының, Ікылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.  |

Коршаған ортамен  
тәнисстыру.

Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге үмтүлуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.

**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабакша) «Ailin»balalar bobekjai baqashasy

Топ «Балдәурен» МАД тобы

Балалардың жасы: 5 жас.

Жоспардың күрылу кезеңі: Наурыз айы, 2023-2024 оқу жылы.

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|---------------------------|--|
| Дене шынықтыру            | <p><b>Негізгі қимылдар.</b></p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b></p> <p>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p>Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жүптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b></p> <p>Велосипед, самокат тебу. Шенбер бойымен және тұра жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.</p> <p><b>Спорттық ойындар.</b></p> <p>Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b></p> <p>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b></p> |

|                 |   |
|-----------------|---|
|                 | <p>Балалардың дербес қымыл белсенділігін ұйымдастыруды, менгерген қымыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын аланында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b></p> <p>Адамның денсаулығы дұрыс тاماқтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b></p> <p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертенгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дene бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>   |
| Сөйлеуді дамыту | <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен ұстеулерді қолдану.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b></p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p> |
| Көркем әдебиет  | <p>Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.</p> <p>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден:</p>   |

|                       |  |
|-----------------------|--|
|                       | ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сейлемендегі мақал-мәтілдерді қолдануға баулу.  |
| Саят ашу негіздері.   | Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сыйықтарды, нұктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.  |
| Қазақ тілі            | Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сейлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуга үйрету.  |
| Математика негіздері. | Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.  |
| Құрастыру.            | Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.   |
| Сурет салу.           | Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «ожүлдізгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту.<br>Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сыйықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.                        |
| Мұсіндеу              | Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, ұстел, ер-тұрман, ошак, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білеziк, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мұсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншак, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. |

|                             |  |
|-----------------------------|--|
| Жапсыру.                    | Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.   |
| Музыка                      | Лирикалық, вальс ырғағындағы баю әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындаі білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік ұлгілерін тыңдауға баулу. |
| Коршаған ортамен таныстыру. | Тұған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.                                     |

**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша) ) «Ailin»balalar bobekjai baqashasy

Топ «Балдәурен» МАД тобы

Балалардың жасы: 5 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы, 2023-2024 оқу жылы.

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|---------------------------|--|
| Дене шынықтыру            | <p><b>Негізгі қимылдар.</b></p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жаңына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, онға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p><b>Музыкалық-ыргақтық қимылдар.</b></p> <p>Тұзу бағытта адымдал жүру.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p>Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа енкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b></p> <p>Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тұра жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Онға және солға бұрылу.</p> <p><b>Спорттық ойындар.</b></p> <p>Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.</p> <p>Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b></p> <p>Үнта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b></p> <p>Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b></p> <p>Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелу.</p> |

|                 |   |
|-----------------|---|
|                 | <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b><br/>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b><br/>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңтеренгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дene бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>  |
| Сөйлеуді дамыту | <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b><br/>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b><br/>Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауга, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b><br/>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b><br/>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс тандау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b><br/>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p> |
| Көркем әдебиет  | <p>Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.</p> <p>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісүіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқигаларға</p>   |

|                       |  |
|-----------------------|--|
|                       | өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.  |
| Саят ашу негіздері.   | Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан онға қимылдарды орындалап, сызықтарды үзбей салу.  |
| Қазақ тілі            | Озі туралы (Аты, тегі, жасы), өз отбасыңыз туралы айту, айналаңызағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айту (Сәлеметсіз бе? Cay болыңыз!Рахмет!), тәрбиешінің ұлгісі бойынша ойыншықтар мен суреттер туралы қысқа әңгімелер күрү.   |
| Математика негіздері. | Шенбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигураналар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажыратада білуге жаттықтыру. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураналарға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парагын тең және тең емес бөліктеге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. |
| Құрастыру.            | Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.  |
| Сурет салу.           | Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.  |
| Мұсіндеу              | Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мұсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Ойдан өз бетінше мұсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мұсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.  |
| Жапсыру.              | Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру,  |

|                             |  |
|-----------------------------|--|
|                             | әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.  |
| Музыка                      | Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.  |
| Коршаған ортамен таныстыру. | Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, Республика күні), ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Қазақстанның тұңғыш гарышкерлері Тоқтар Әубекіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. |

**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша) «Ailin»balalar bobekjai baqashasy

Топ «Балдәурен» МАД тобы

Балалардың жасы: 5 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы, 2023-2024 оқу жылы.

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|---------------------------|--|
| Дене шынықтыру            | <p><b>Негізгі қимылдар.</b></p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жаңына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, онға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғактық қимылдар.</b></p> <p>Тұзу бағытта адымдал жүру.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p>Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа енкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b></p> <p>Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тұра жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Онға және солға бұрылу.</p> <p><b>Спорттық ойындар.</b></p> <p>Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.</p> <p>Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b></p> <p>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b></p> <p>Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүргуге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b></p> <p>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген</p> |

|                |   |
|----------------|---|
|                | <p>қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b></p> <p>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дene бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>  |
| Развитие речи  | <p><b>Сойлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Сойлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Казақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айтуды, шағын логикалық және хабарлау сипаттындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат күбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс тандау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b></p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттауда және хабарлауда әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p> |
| Көркем әдебиет | <p>Шешендейкке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айтуды, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті тандауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауда, турлендіруге мүмкіндік беру.</p>  |

|                             |  |
|-----------------------------|--|
| Sаят ашу негіздері.         | Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындаап, сызықтарды үзбей салу.   |
| Қазақ тілі                  | Мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету.  |
| Математика негіздері.       | Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозгалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.                                 |
| Құрастыру.                  | Үжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.  |
| Сурет салу.                 | Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейнениң сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нұктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. |
| Мүсіндеу                    | Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.   |
| Жапсыру.                    | Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.   |
| Музыка                      | Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты журумен; музыканың қымыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.   |
| Коршаған ортамен таныстыру. | Tірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылышы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.  |

**2023-2024 оку жылының  
жазғы сауықтыру**

# кезеңіне арналған жұмыс

## жоспары

**Мақсаты:** сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін барынша тиімді жағдайлар жасау.

**Міндеті:**

1. Балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін жағдай жасау, қозғалыстарын күшету және табиғатпен мақсатты қарым-қатынас жасау арқылы олардың физикалық және психикалық дамуына ықпал ету.
2. Мектеп жасына дейінгі ерте жастағы балалардың денсаулығы мен дene тәрбиесін жақсартуға, дербестігін, білуге құмарлығын және дene белсенділігін дамытуға бағытталған шаралар жүйесін іске асыру. Балалардың сөйлеуін жақсарту және олардың эмоционалдық аясын дамыту.
3. Жазғы уақытта балалардың денсаулығын тәрбиелеу және нығайту мәселелері бойынша ата-аналарға педагогикалық және сауықтыру ағарту жұмыстарын жүргізу.

Жазда балалармен жұмыс істеудің ұзақ мерзімді жоспары

| <b>Откізілетін шарапардың атаулары</b>            | <b>Жұмыс мазмұны</b>   | <b>Откізу мерзімі</b> |
|---|--|-----------------------|
| <b>1-апта (03.06-07.06) «Бақытты балалық шақ»</b> |  |                       |
| «Әрқашан күн сөнбесін!»                           | Балалар күні мерекесін ұйымдастыру: - балалар шығармашылығынан концерт; - асфальтқа сурет салу байқауы.  | 3.06                  |
| «Менің әлемім»                                    | - «Менің жақындарым», «Менің үйдегі сырласым», «Менің бауырларым», «Менің отбасым» тақырыптарында балалармен серуенде әңгімелесу; - балалардың отбасында ата-анасымен, бауырларымен немесе жақындарымен бірге уақыт әткізгенде ойнайтын ойындары, спорттық жаттығулары, сайыстарының ішінен көпшілігіне таныс ойын түрін бірге ойнап көру және алған әсерлерімен бәлісу; - тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беру, ән тыннату және қалауы бойынша балаға айтқызу. | 4.06                  |
| Кәусәр бұлак                                      | Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту мақсатында жетекші сұрақтар қою. Балалардың қалауы бойынша мультфильм кейіпкерлерінің образын таңдау, қимылқозғалыс ойындарын әткізу, патомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау.   | 5.06                  |
| «Мен елімнің Ұланымын!»                           | Отан туралы әллендерді жатқа айту чөллендікі. Балалар шығармашылығынан суреттер көрмесін ұйымдастыру. Таза ауада ұлттық ойындар сайысын әткізу.  | 6.06                  |
| «Менің көңілді, шырылдаған допым»                 | Н.Радченконың «Менің көңілді добым» өлеңін оқу<br>Қимылды ойын «Төбеден төмен түсті»   | 7.06                  |
| <b>2-апта (10.06-14.06) «Жас із кесушілер»</b>    |  |                       |

|                    |   |       |
|--------------------|---|-------|
| Жас із кесушілер   | Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. Қимылды ойындар «Өз түсінді табу», «Жасырынбақ», «Жалауашаны табу». «Із кесушілер деген кімдер?» жетекші сұрақтар қою арқылы балалармен әңгімелесу. Ертегіні немесе кёркем шығарманы оқып беру (үзінді). «Із кесуші» мультфильмін көрсету.   | 10.06 |
| Аңдар мен аңшылар  | «Табиғатты қорғау» белгілерін дайындау. Сурет салу: «Жайлаудағы төрт түлік», «Орман аңдары», «Мениң сүйікті жануарым» және басқа тақырыптар (балалардың қалауын ескеру ұсынылады). Құм және сумен тәжірибе. Құрастыру «Аңдардың үйшігі». Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне қарап таны», «Бақшадағы қояндар», «Қағып ал да ата» (доппен)  | 11.06 |
| Мейірімді достарым | Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру. Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау (жуыну). «Ерте, ерте, ертеде» тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тындалу, тындалған ертегінің мазмұнын айтқызу. Сергіту сәтінде андар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау (ресурстарға сілтеме: <a href="https://bilimkids.kz/kk/videos/10">https://bilimkids.kz/kk/videos/10</a> ; <a href="https://bilimkids.kz/kk/videos/26">https://bilimkids.kz/kk/videos/26</a> ).                   | 12.06 |
| Саялы бақ          | «Біздің өлкенің ағаштары», «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарау. Орманға, саябаққа немесе балабақшаның табиғат бұрышына саяхат. Шығармашылық жұмысқа пайдаланылатын табиғи материалдарды жинау. Ағаштарды бақылау, оларға күтім жасау. Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешу. Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы ?», «Тында да таны», «Қай ағаштың жемісі ?» Ағаштардың суретін салу. | 13.06 |
| Сыр сандық         | Таныс ертегі қойылымдарын сахналау. «Ең үздік қойылым», ойдан шығарылған ертегі қойылымдары байқауын ұйымдастыру.   | 14.06 |

**З-апта «Жаз да келді, көнілді (17.06-21.06)**

|  |  |       |
|--|--|-------|
| Сабын көпіршіктері күні                    | Балалабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. Медициналық кабинетке саяхат. «Тамшылар». Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. «Жедел жәрдем» театрландырылған ойыны.   | 17.06 |
| Теңіздегі тіршілік                         | Су ханшайымымен саяхат. «Су патшалығы» суреттер байқауы (ата-аналармен бірге). «Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Сумен ойындар.   | 18.06 |
| Сүйкімді кірпі                             | «Менің ағзамның қорғаушысы», «Пайдалы және зиянды» әңгімелесу. Көркем шығарма оқып беру. «Зиянды тағамдар» плакатын әзірлеу (ұжымдық жұмыс).   | 19.06 |
| Табиғат аясында                            | Жыл мезілдері (қосымша ресурс: <a href="https://bilimkids.kz/kk/videos/20">https://bilimkids.kz/kk/videos/20</a> ). Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау. Жапсыру «Күлімдейді күн маған».   | 20.06 |
| «Күн, ая, су» ойын сауығы                  | «Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа аяа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу. «Жуыну әні» <a href="https://bilimkids.kz/kk/videos/11">https://bilimkids.kz/kk/videos/11</a>   | 21.06 |
| <b>4-апта «Қауіпсіз жаз» (24.06-28.06)</b> |  |       |
| Бағдаршам күні                             | Көше қозғалысы ережелерін қайталау. «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» сюжеттерді көрсетіп, бірге талдау. Жапсыру «Бағдаршам». Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншиқ машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану).            | 24.06 |
| Пайдалы және зиянды өсімдіктер             | «Улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтар», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғаттағы қауіпсіздік» суреттерді қарап, әңгімелесу, мультфильмдер көрсету (ресурстардың үлгісіне сілтеме: <a href="https://www.youtubekids.com/">https://www.youtubekids.com/</a> ) Жапсыру «Жеміс-жидектер патшалығы». «Саңырауқұлақтар әлемі», мұсіндеу. | 25.06 |
| Марғаудың үшілігі                          | «Өжет өрт сөндірушілер», «Құтқарушылар», сюжетті-рәлдік ойындары. Өрт кезіндегі тәртіп ережелері, «01 қызметі», өрт сөндірушілер қызметі туралы балалармен әңгімелесу.   | 26.06 |
| «Қауіпті заттар мен құралдар»              | Ойындар: «Өртке қауіпті заттар», «Өрт сөндірушіге не қажет?» «Өртке қауіпті заттар» коллажы. 27.06 «Болады-  | 27.06 |

|              |   |       |
|--------------|---|-------|
|              | болмайды», дидактикалық ойын. «Мен бастаймын сен аяқта» дидактикалық ойын. Балалармен тақырыпқа байланысты кері байланыс жасау.     |       |
| Шебер қолдар | Теартландырылған қойылым атрибуттарының байқауы. Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры, өзіншілдегі театр, құыршақ театры) | 28.06 |